

Бұланды ауданының елді мекендер жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-34/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 2 ақпанда № 4625 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 5С-37/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 10.04.2015 № 5С-37/6 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңның 6 бабының 1 тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8, 11 бабтарына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) кодексінің 387 бабына, Қазақстан Республикасының сәйкес Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қосымшаға сәйкес, Бұланды ауданының елді мекендер жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті 34-сессияның төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Б. Қажаканов
Ш. Құсайынов*

КЕЛІСІЛДІ

*Бұланды ауданының әкімі
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі мемлекеттік кірістер
комитеті Ақмола облысы бойынша
мемлекеттік кірістер департаментінің
Бұланды ауданы бойынша мемлекеттік
кірік басқармасы РММ-нің басшысы*

Қ. Испергенов

Д. Әділбеков

Буланды ауданының елді мекендер жерлерін аймақтарға бөлу сызбанұсқасы мен жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

Аймақ №	Жер телімдерінің жалдау төлемақысына арналған түзету коэффициенттері	Аймаққа енетін кадастрлық кварталдардың атауы мен нөмірі (ауылдық округтер бойынша)
1	2	3
I	1,20	01-009-003 Қараөзек ауылдық округі
	1,14	01-009-013 Ерголка ауылдық округі
	1,17	аймақ бойынша орташа мағына
II	1,12	01-009-003 Вознесенка селолық округі
	1,12	01-009-007 Никольск селолық округі
	1,11	01-009-013 Капитоновка селолық округі
	1,11	01-009-016 Карамышевка селолық округі
	1,08	01-009-023 Журавлевка селолық округі
	1,07	01-009-019 Амангелді ауылдық округі
	1,06	01-009-008 Даниловка селолық округі
	1,10	аймақ бойынша орташа мағына
III	1,02	01-009-019 Новобратск селолық округі
	1,00	01-009-023 Айнакөл селолық округі
	1,03	аймақ бойынша орташа мағына